

Т. Р. ӘБДІҚАДЫРОВА

## ЖҮСІПБЕК АЙМАУЫТОВ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ҰЛТТЫҚ ОЙЛАУ ЖҮЙЕСІН ДАМУДАҒЫ РОЛІ

«Адам – өзінің табиғаты жөнінен қоғамдық тіршілік иесі» екенін (Аристотель), «Адам тек адамдар арасында ғана адам бола алады» (И. Бехер) деген қағидалы ойларды ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиеті мен ұлттық педагогиканың аса көрнекті өкілі Жүсіпбек Аймауытов өз еңбектерінде негізгі назарда ұстайды. Мектеп тәрбие ісінде, әсіресе жас ұрпақтың өмір-тұрмысты танып, сезуінде үнемі басшылыққа алып отырады. Мұның бүгін де мәні зор. Тегінде, бағдарлама шешуші орын алады. Бастауыш мектеп бағдарламасы хақында жазушы-психолог қайта қарайтын көп болып ойласуды қажет ететін жәйлерге назар аударады. Олар:

- мектеп бағдарламалары жетілдіруді, өзгертуді тілейді;

- жекелеген пәндер арасында – дүниетану, отантануға зор маңыз беріліп, алдыңғы кезекке шығарылуы тиіс;

- бастауыш мектепте ана тілі, жаратылыс, жағрафия, тарих т.т. пәндер ортақ бағдарлама аясында оқытылып, төртінші сыныпта жеке өтілген жөн. Ең негізгісі, әрбір пәннің мақсат-мұраты айқындалып, оқушы танымына жеңіл, түсінікті болу жағын негізгі назарда ұстау керек.

Біздіңше, қоғамды демократияландыру жолында жасалып жатқан мемлекеттік деңгейдегі іс-шаралар қатарынан мектеп, ондағы оқу-тәрбие жұмыстары да назардан тыс қалмауы тиіс. Бұл ретте жазушының жоғарыдағы көзқарас, ұсыныстары араға көп уақыттар салғанымен бүгінде маңыз-мәнін жойған жоқ. Керісінше, басшылыққа алуды, жетілдіруді, құрмет көрсетуді де қажет етеді.

Өз еңбектерінде Ж.Аймауытов қоғам, қоршаған орта секілді адамзат өмірінде маңызды орын алатын тақырыпты да кеңінен қозғайды. Әсіресе, «баланы табиғатша оқыт», яки жас ұрпаққа қатысты оқу-тәрбие ісін табиғат заңдылықтарына, дамуына сәйкес етіп жүргізу қажеттілігі баса айтылады. Мұның өзі адамның өмірге келуімен, жан қуаттарының, сезім мүшелерінің жетілуімен, т.т. өзара байланыста баяндалады. Жас ұрпаққа берілер білім көзі, басқа да рухани нәр арналары сатылы үлгілі өріс алуы қатаң талап етіледі. Мектептегі пәндер бойынша берілетін «әрбір жаңа білім бұрынғы алған білімге сүйену» қажеттілігі, нақтырақ айтсақ: «Оқыту – жақыннан алысқа, жеңілден – ауырға қарай біртіндеп, өріс алып, күрделене түсуі керек». Бұл тұста автор бала біліміне, ерекшеліктері мен қабілет көздеріне зор маңыз береді. Ол туралы:

«Оқыту баланың дәл білімі жеткен жерден бастап, содан үзілмей, созылмай, біртегіс жүріп отыруы керек. Мұғалім бір пән туралы бастамай тұрып, ол берілетін білімнен баланың қандай хабары бар екенін шамалауға тиіс. Олай болмай, оқыту пайда бермейді» деген қортынды жасайды.

Жазушы көзқарастарын, пән табиғатына байланысты талап-тілектері бүгінгі уақытта шындыққа шығарып отыр. Мектеп жүйесінде жеке пән, оның жас ұрпақ танымы мен тәрбиесіне әсері өте үлкен. Бұл тұста автор байыпты бағдарламаға сәйкес пәннің жүйесін, оқытылуын оқушыларға әсерін ерекше атайды.

Біздіңше, мұның маңызын жоққа шығаруға болмайды. Бағдарлама бар, оқу кестесіне енген әр-бір пән өз дәрежесінде оқытылып, сатылы-жүйелі дамуы шарт. Бұл тұста, әрине автор айтқандай «берілетін білімнен баланың қандай хабары» бары алдын ала ескерілуі керек. Бұрынғы өтілген тақырып – бақылау, пысықтау, қайталау арқылы толық толықтандырылуы әдісті іске айналғаны нұр.

Бұдан шығатын түйін: жас ұрпақ тәрбиесі мен оқуы, мектеп жүйесіндегі оқыту ісі – болашаққа бастайтын жол, өмір-мұраты қаланатын алғашқы баспалдақтардың бірі. Ендеше, болашаққа үлкен үміт-сеніммен қарап, оқу-тәрбие жұмыстарын жүйелі жүргізу кеше қандай қажетті болса, бүгін де аса маңызды. Мұның жаңа да, соны ұлттық білім беру үлгісін қалыптастыру ісінде қолға алған бүгінгі таңда да мәні ерекше. Осы орайда, ұлттық тәлім-тәрбие мен оқу-ғылым жүйесін жоғары сапа тұрғысынан талап ету кешегі мен бүгінгі байланыстырады. Халқымыздың арғы-бергі тарихына адалдықты танытады. Демек, ұлттық білім беру жүйесінде жас ұрпақ тағдыры алдыңғы кезекте тұруы тиіс. Бұл – өмір мұраты, уақыт талабы.

Бүгінгі таңда білім беру жүйесіндегі бұрынғы көзқарас өзгергені белгілі. Жас буын оқушыларды мектеп табалдырығын аттанғаннан бастап-ақ белгілі бір мамандыққа баулу, сол бағытта оқыту, тәлім-тәрбие беру мақсаты көзделіп отыр. Бұған кейінгі кезеңде еліміздің жер-жерінде гимназия, лицей т.т. көптен ашылып, жұмыс істеп келе жатуы дәлел болса керек. Мұның бәрінде де басты тұлға – мұғалім.

Жас шәкіртті оқытып, тәрбиелеу ісіндегі мұғалімнің беделі мен орны, сабақ берудегі әдіс-тәсілдері туралы да автор мәнді ой-ұсыныстар айтып, нақтылы көзқарастарын бүкпесіз баяндайды.

Әсіресе, мұғалімнің шәкірттер алдында айтылған әрбір сөзі – көп сөзділік пен қайталаулардан алыс болғаны, қайсыбір пәнмен тақырып бойынша берілетін ойлар жүйесі жаттығу-тапсырмалар айқын да нақты сөз етіледі. Мұғалімнің өзі – байыпты, сөзі салмақты, өмірге, пәнге көзқарасы орнықты болса, алдарындағы шәкірт те – ұстамды, ұқыпты болып, өмір-өнегелерін алға тартады. Бұл бағыттағы ойын: «оқытушының шеберлігі ойына келген нәрсені білдіру емес, баланың ау-жайына, жасына, біліміне күшіне қарап сабақ беру. Сондықтан сауаты ашылған ересек балаға берілер сабақ пен жаңа оқыған жас балаға шамасынан артпасын, кейінде қалмасын, сонда жемісті болады» деп түйеді. Біздіңше жас ұрпақ ерекшелігін ескеру, білім-танымын негізгі назарда ұстау, соған сай оқыту жүйесін бағыттап отыру бүгін де мәнді.

Ж.Аймауытовтың біз мысалға алып отырған атақты «Психология» еңбегінде ұстаз шеберлігі, оқыту жүйесіндегі жанашыл әдіс-тәсілдер де оқушы назарынан тыс қалмайды. Әсіресе, бұл ретте пән табиғаты мен мазмұнын алуан салыстыру, тәжірибеге негізделудің берері, дерегі жан-жақты ашылады. Ал, шәкірттердің танып-түстеуіне, ой-сөз жүйелерінің қалыптасуына ұстаз алдымен жауапты екендігі де негізгі назарда болады. Кейінгі кезекте шәкірттің өзі де ұстаз тағылымын, оқыту-тәрбие хақында түсінген-түйгендерін қал-хадірінше баяндап отырғанның ешбір айыпміні, артық-кемі жоқтығы да еске салынып отырады. Бұдан шығатын түйін: «Айқын қылып оқыту мен сатылы, біртегіс оқытудың байланысы бар. Оқыту бірте-бірте сатылап, ілгері басып отырмаса асық та, ұғымды да болмайды. Білім бір жола көріп алатын нәрсе емес, аздан көбейетін» кеңінен өріс алатын әр кез басты нысана ретінде еске алынып отырады. Ең бастысы: «... баланың ақыллы, сезімі, қайраты мұғалімнің жігерлі ықпалы арқасында жетіледі. Мұғалім балаларына салақ, селқос қараса олардың жан қуаттарын кемітіп, тәрбие де бере алмайды», деген кәделі ой, орнықты көзқарас білдіреді. Тегінде, автор ұстаз бен шәкірт, олардың арасындағы ортақ байланыс, мүдделер хақында кемел ойлар, келелі мәселелер қозғайды. Біздіңше, білім жүйесін реформалау тұсында бұл жәйлерді негізгі назарда ұстасақ – ұтарымыз хак. Жас ұрпақ тәрбиесі, білім беру ісінің түпкі мұраты да осы.

Біріншіден, еңбекте оқу мәселесіне де айрықша мән беріледі. Бұл тақырыпты автор жас шәкірттің қайсыбір істегі ізденіс - талабымен, қабілет-құштарлығымен байланысты қарайды. «Ынта дегеніміз – ақылдың бір қызметі. Ал, қызметті шақыратын оқыту болу керек», деп түсінген автор мектептегі оқу ісіне, ұстаз өне-гесіне, шәкірт талабына үлкен үмітпен қарайды. Оқу жүйесі әлеумет ісімен, ал шәкірт ал-

ған білімін жан-жақты дамыта алса – ынтаның кең өріс алғаны, рухани нәр жемісін бергені болып табылады. Ал ынтаның қасиеттері – адамның қайсыбір іске ерекше көзқарас-сезіммен қарап, құштарлықпен кірісіп, сол бағытта өрісті, кең арналы жұмыс істеуінен танылады. Демек, ұстаз бен шәкірттің оқу, тәрбие ісінде ынталы болуы – болашақтың бедерлі өмірдің мәнді, адами-рухани қасиеттерінің табиғилығын молынан аңғартады.

Екіншіден, ұстаз бен шәкірт арасында жүйелі байланыс, ортақ түсінік болса оқу-тәрбие ісі де жемісті болмақ.

Үшіншіден, шәкірттің өмірге құштарлығы, оқу-білімге ынталы көзқарасы болса, бұл да ұстаз еңбегі. Мектеп ісінің дұрыс жолға қойылғаны болып табылады.

Демек, мектеп жүйесінде мұғалім беделі, шәкірттің оқу-тәрбиесінде шешуші орын алады. Бұл мектептегі білім беру жүйесінің дұрыс жолға қойылғанын көрсететін алғышарттардың бірі.

Әсілі, мұғалім – мектеп айнасы. Мұғалімнің бейне-бедері, жүріс-тұрысы, іс-әрекеті, ақыл-ой өрісі, ұстаздық тәрбиесі мен шеберлігі – мектеп ұжымында, шәкірт тәрбиесінде ерекше орын алады. Бұл үлкен жауапкершілікті, талапты да қажетсінеді. Алайда, өкінішке қарай, соңғы жылдары кейбір ұстаздарымыз осындай жауапкершілікті босаңсытып алған тәрізді. Соның салдарынан да мұғалім беделіне көлеңке түсе бастады. Демек, бедел өзінен-өзі келмейді, ол көп еңбек, жанашыл ұсыныс, әдіскерлік ізденістер арқылы келеді. Біз кейде осы жағына назар аударма бермейміз де, баяғы соқпақ жолмен тарта береміз. Білім беру жүйесінде қазір жаңалық жетерлік. Тек соларды түсініп, зердеге салып, бағыт-бағдарымызды да өзгертіп отыруымыз керек.

Мұның барлығы мұғалімдердің күнделікті жұмыстарында өз білімдерін үзбей жетілдіріп отыру сипатымен тығыз байланысты. Ол үшін ұстаз да мол білім иесі, тәрбиелі-тәртіпті болуға тиіс.

#### ӘДЕБИЕТ

1. *Аймауытов Ж.* 5 томдық таңдамалы шығармалар жинағы. 4-том, Алматы: Ғылым, 1998. 4-т.
2. *Әлімбаев М.* Халық – ғажап тәлімгер. Алматы: Рауан, 1994.
3. *Қашев С.* Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы. Алматы: Білім, 2003.
4. *Құнанбаев А.* Шығармалары. Екі томдық. 1-2 тт. Алматы: Жазушы, 1995.